



010000, Астана, Парламент Мәжілісі

20 ____ ЖЫЛҒЫ « ____ » _____

№ _____

010000, Астана, Мәжіліс Парламенті

« ____ » _____ 20 ____ года

2023 жылғы

14 маусымда жарияланды

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі
Ә.А. Смайыловқа

Депутаттық сауал

Құрметті Әлихан Асханұлы

Қазақстан Республикасының байлығы – халқы, оның тұрғындары. Ал халықтың байлығы – денсаулығы және балалары. Дені сау ұрпақ барша халықтың және мемлекеттің болашағы. Біздің депутаттық сауалымыз онкологиялық және онкогематологиялық аурулармен ауыратын балаларға байланысты. Бұл дереттен баланың өзін және оның отбасын естен тандыратын дүние. Бұны балалары ауратын ата-ана түсінеді. Қазірде мемлекетімізде осы аурумен ауыратын балаларға көмек облыстық және мемлекеттік деңгейде көрсетілуде. Бірақ елімізде бар жоғы 39 маман ғана. Барлық өңірлерді қосқанда 222 орын ғана бар. Бұл теңізге тамған тамшыдай ғана. Жалпы мемлекеттік, республикалық деңгейде екі орталық жұмыс істейді – Алматы қ. педиатрия және балалар хирургиясы ғылыми орталығы және Астана қ. "University Medical Center" корпоративтік қоры. Бұнда да 139 төсек (оның ішінде күндізгі стационарда 5 төсек) онкологиялық және гематологиялық бейіндегі балаларға арналған. "УМС" КҚ – да онкологиялық және гематологиялық бейіндегі 147 төсек бар (оның 10-ы күндізгі стационарда). Бұл орталықтарда диагностика және диагнозды тексеру жүргізіледі, емдеудің барлық қажетті технологиялары қолданылады (химиотерапия, хирургиялық емдеу, гемопоэтикалық дің жасушаларын трансплантациялау, сәулелік терапия). Астанадағы ана мен бала орталығында бар жоғы 150 орын ғана, емделушіге орын жетіспеушілігі қатты сезілуде. Сол себепті Астанада заманауи балалар онкология орталығын ашу керек. Бұның бәрі соқыр адам көріп, саңырау адамның өзі ести алатын жағдай. Көрмес түйені де көрмес деп өтіп кетпеу керек.

2022 жылы екі республикалық медициналық ұйымда барлығы 4909 бала емделді (оның ішінде 2229 пациент – және 2680 бала) Айта кету керек, дәрігерлер үшін онкологиялық сақтану бойынша тұрақты оқыту модульдерінің нәтижесінде 1-2 кезеңдегі ісіктердің диагностикасы айтарлықтай өсті: 2014 жылғы 15% - дан

2022 жылы 49,4% - ға дейін. Бұл дегеніңіз адам қорқатын цифрлар. Сонымен қатар, 2022 жылдың қорытындысы бойынша ерте диагностиканың төмен көрсеткіштері Ақмола, Батыс Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Қарағанды, Қостанай, Маңғыстау, Түркістан облыстары мен Астана және Алматы қалаларында байқалады.

Қазақстанда жылына орта есеппен 500-600 балада онкология анықталады екен. Бүгінгі күні күніне 15-20 бала түседі. Бұл дегеніңіз, балалар мен атааналар үшін үлкен соққы, кесілген үкім сияқты. Өмір мен өлімнің арасындағы балалардың үміт күтіп жаутандаған көздерін көрген адам шыдап тұра алмайтын халде. Баласы үшін әр ата-ана неге болсын барады, басын тауға да тасқа да ұрып, қолдан келгенін жасайды. Бірақ бәрінің шамасы, жағдайы келмейді. Ауылдарда, аудандарда тұратын адамдар баланың емін тұрақты түрде жасау үшін қалаға келеді. Қалаға келген оларға тұратын жер, азықтүлігі, тағы да басқа керек жарақтар, емі үшін көптеген қаржы керек. Тіпті, кезектерін айлап күтеді. Себебі маман аз, орын жоқ. Кезегі келгенше ол бала бар бола ма, жоқ бола ма өздеріңіз түсінген боларсыздар. Балалардағы онкологиялық және гематологиялық ауруларын емдейтін орталықтар көпсалалы клиника болып салынғандықтан ондағы жоспарлау, желдету жүйесі, материалдардың сапасы стандарттарға сай емес. Орталықтардағы орынның аздығынан, ауруы анықталған балалардың көптігінен және оларлы күтетін ата-аналарын қосқанда, кезек көптігінен ол жерде эпидемиологиялық жағдай ушығуда. Орталықтарда КТ, МРТ, рентгендік аппараттар жетіспейді, ал бар аппараттардың сапасы сын көтермейді. Ауруды дер кезінде анықтай алмай жатады.

Сонымен қатар, молекулярлы генетикалық диагностика жоқ десе болады. Себебі қазіргі онкология мен гематология 100 пайыз молекулярлы генетикалық әдіспен анықталады. Бұл сұраққа қатты назар аударуларыңызды сұраймын. Онкологиялық және гематологиялық аурулары бар балаларды емдеумен айналысатын орталықтардағы алаңдардың жеткіліксіздігіне және ауруханаға жатқызылатын пациенттер мен оларға күтім жасайтын адамдардың (ата-аналардың) үлкен ағынына байланысты қолайсыз эпидемиологиялық жағдай туғызатын бөлімшелерде толып кету орын алып жатқандығын қайталап еске саламыз. Ертеңгі күні жағдай қатты ушығып, депутаттар неге ескертпеді деген байбалам болмасын. Сондай-ақ, адам ағзаларына байланысты транспланттау бөлімшелерін, күндізгі стационарды толық өрістету мүмкіндігі жоқ.

Операция жасату үшін хирургияда кезекте тұрады пациенттер, бұл дегеніңіз масқара және өте аянышты дүние. Операцияға кезекте тұрғандарды елестетіп көріңіздер. Олар үшін әрбір секунд қымбат, әрбір минут алтыннан артық. Түсінесіздер ме? Маман аз болған соң уақыт жетпейді, міне нәтиже.

Онкологиялық ауруы бар балаларға мүгедектігін рәсімдеу үлкен қиындық туғызуда, және көп уақыт алуда. Тағы да айтарымыз, онколог және гематолог мамандарының өте аздығы. Сол себепті, жас дәрігерлер мен орта санаттағы медициналық мамандарды елімізде және шет елдерде оқытса, елімізде білікті мамандар болар еді.

Осы жоғарыда айтылған қиындықтардың көптігінен ауырған жас балалар дер кезінде қажетті емдерін ала алмауда. Әр бала Қазақстанның болашағы. Біздер ауырған балаларға ем-шараларын дұрыс деңгейде, қажет кезде көрсете алмайтын шарасыз жағдайда болсақ, басқа жұмыстарды қатырамыз деп қалай айта аламыз.

Жоғарыдағы мәселелерді ескере келе, келесі шараларды қабылдауларыңызды өтінемін:

1. «Самұрық-қазына» акционерлік қоғамы немесе «Қазақстан халқы» әлеуметтік қоғамдық қорымен бірлесе отыра, алдыңғы қатарлы құрылғылары бар заманауи балалар анкалогия орталық құрылысын;

2. Онкология ауруы анықталған балаларға мүгедектігін бірден жедел беру механизмін қарастыру;

3. Тұрақты негізде балаларда онкологиялық аурулардың пайда болу себептерін анықтау жүйесін құру.

Осы шаралар қабылданса, балалар мүгедектігі мен өлімі төмендеп, олардың өмір сүру жағдайы жақсарады.

Қазақстан болашағын ойлайтын Үкімет балалар үшін бәрін жасайды деп үміттенеміз. Еліміздің ертеңі, болашағы дені сау ұрпақтар екенін Президентіміз де баса айтқан болатын. Осыны ұмытпайық.

Назарларыңызға рахмет!

Құрметпен,

«Ауыл» партиясының фракция депутаттары:

**Т. Серіков
Қ. Әбден
Е. Саурықов
С. Егізбаев
Ж. Дайрабаев
Н. Арсютин
А. Баққожаев
А. Зейнуллин**

«AMANAT» партиясының фракция депутаттары:

**К.Авершин
Т. Адамбеков
А. Аймағамбетов
Е. Әбдиев
А. Әлтай
Ж. Әшімжанов
Е. Бейсенбаев
Қ. Бексултанов
М. Ескендіров
Р. Зайтов
С. Имашева
Д. Исабеков**

Р. Кожасбаев
Б. Керімбек
А. Құспан
А. Мысырәлімова
Б. Нажметдинұлы
Г. Нұрымова
С. Пономарев
А. РАУ
М. Рожин
Н. Сабильянов
Е. Саиров
А. Сарым
Н. Сәрсенғалиев
Ж. Сүлейменова
Ұ. Тұмашинов
Д. Тұрлыханов
У. Шапак

«Respublika» партиясының фракция депутаттары:

О. Құспеков
Д. Наумова
Н. Тау

«Қазақстан Халық Партиясы»
партиясының фракция депутаттары:

М. Магеррамов
И. Смирнова
Г. Танашева

«Жалпыұлттық социал-демократиялық
партиясының фракция депутаттары:

Н. Әуесбаев
А. Сағандықова

«Ақ жол» партиясының фракция депутаты:

Д. ЕСПАЕВА
Е. Бейсембаев
Қ. Иса

Жеке мандатты Депутат:

Б. Базарбек
Е.Бапи
Д. Мұқаев
А. Назаров

✉ *Н.К. Аубакиров*

☎ 74-67-54

✉ AubakirovN@parlam.kz